

Мейіржанның мерейлі жолы



Есенов Мейіржан 1989 жылы Жыңғылды топырағында дүниеге келіп, 2005 жылы мектеп бітірген соң Маңғыстау өнер колледжінің сурет-графика бөліміне оқуға түседі. Аталған оқу орнын 2009 жылы бейнелеу және технология пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығып, қазіргі таңда Есір Айшуақұлы атындағы мектепте ұстаздық қызмет етуде.

Ол облыстық «Маңғыстау жұлдыздары» фестивалінің бірнеше дүркін жеңімпазы. Дайындаған оқушылары да жарыстардан құр келмейді. Мейіржан тек қана жақсы суретші ғана емес, керемет мүсіншілік те қасиеті бар. Ауыл, аудандарда Мейіржанның қолтаңбасы сіңген мүсіндері орналасқан жерінің

жыңғылды мәдениет үйінде «СИҚЫРЛЫ ҚЫЛҚАЛАМ» БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ СТУДИЯСЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ. ЖЕТЕКШІСІ БЕЛГІЛІ СУРЕТШІ , КӨПТЕГЕН ҚЫЛҚАЛАМ БАЙҚАУЛАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ, ӨЗІНІҢ ТУЫНДЫСЫ ДА СУРЕТ КӨРМЕЛЕРІНЕН ОЙЫП ТҰРЫП ОРЫН АЛЫП ЖҮРГЕН ҰСТАЗ – ЕСЕНОВ МЕЙІРЖАН ТОҚСАНБАЙҰЛЫ.



сәнін келтіріп тұр.

Мейіржанның мерейлі жеңістеріне тоқталсақ, ол 2023 жылы аудандық Серікбол Қондыбай атындағы Маңғыстаунамадан және облыстық Серікбол Қондыбай атындағы Маңғыстаунамадан – 1 орын алып, ҚР Суретшілер одағының Маңғыстау облыстық филиалы ҚР халық суретшісі Ө.Қастеевтің туғанына 120 жылдығына орай өткен қалалық суретшілер симпозиумына қатысқаны

үшін алғыс хатпен марапатталды. Мейіржан Есенов – ұжымында сыйлы, жұмысына адал, шығармашылық қасиеті жоғары маман. Жас маманның жұмысына сәттілік тілейміз, алдағы болатын жарыстардан да жоғарғы дәрежеден көріне берсін дегіміз келеді.

Эльмира НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Есір Айшуақұлы атындағы мектептің мұғалімі.

Консультациялық пункт қызметінің маңыздылығы

БҮГІНГІ ТАҢДА БАЛА ТӘРБИЕСІ ТЕК ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ОТЫР.

Баланың толыққанды дамуы үшін ата-ана мен балабақша арасындағы тығыз байланыс пен өзара түсіністік аса маңызды. Осы бағытта балабақшада құрылған консультациялық пункттердің рөлі ерекше.

Консультациялық пункт – ата-аналарға педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қолдау көрсететін орталық.

Мұнда ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өздерін толғандырған сұрақтарға кәсіби мамандардан кеңес алады, бала дамуындағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік табады.

Мұндай пункттің басты мақсаты:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- бала тәрбиесіне қатысты заманауи әдістермен таныстыру;
- ата-ана мен педагог арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту;
- бала дамуы мен денсаулығына қатысты дер кезінде көмек көрсету.

Консультациялық пункт арқылы ата-аналар тәрбиешілермен, психологтармен және медицина қызметкерлерімен тығыз байланыс орнатып, балаға қатысты кез келген мәселені бірлесіп шешу жолдарын табады.

Осы бағытта №57 «Ақбота» бөбекжайында ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысын ұйымдастырып, ата-аналарға қызмет көрсетуде.

Ата-аналармен жұмыс бойынша консультативті пункттің жоспары бекітіліп, арнайы кеңес беру мамандары бекітілді.

Мамандарымыз ата-аналармен тығыз байланыста болып, балаға қажетті ойындар мен оны пайдалану жолдарын көрсетіп,



сонымен қатар баланы тәрбиелеу мен оқыту барысында толық кеңес бере алады. Сондай-ақ тәрбиешілеріміз үнемі ата-анамен кері байланыста болады, баланың дамуын бақылайды. Қазіргі дамытушы ойындарды ұсына отырып, баланың жан-жақты дамуы үшін арнайы кеңестерін бөбекжайымыздың әлеуметтік желілерінде, веб-сайт парақшаларында тұрақты жариялап отырады.

Бөбекжайымызда мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балаларды әкелетін арнайы бөлме бар. Оған ата-аналар өз балаларын қуана әкеледі. Балалардың да келуге құлшынысы жоғары. Үнемі жұмыс соңында ата-аналар мамандарымызға алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіріп қайтады. Ең бастысы, бұндай көмек тегін.

Бала тәрбиесінде ата-ана мен педагогтің ортақ көзқарасы – баланың жан-жақты дамуы мен бақытты болашағының кепілі.

Сондықтан консультациялық пункттердің жұмысы отбасылық тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналуы қажет.

Райхан ІЗБАСАРОВА,
№57 «Ақбота» бөбекжайының директоры.
Ақтау қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazaqGaz Aımaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ-нің 19.09.2025 жылғы №47-03-01/408 (30.06.2025ж. № 47-04-10/243 хатқа толықтыру) хатына сәйкес тауарлық газды сату бағасына өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін Маңғыстау облысының тұтынушылары үшін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып, тауарлық газды өткізу бағалары ҚҚС-сыз төмендегідей бекітілді:

1-топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	16 123,19
2-топ	Халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	11 544,74
3-топ	Занды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	37 154,87
4-топ	Электр энергиясын өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын жылу энергетикалық компаниялар	теңге/1000 м³	33 507,82
5-топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX тобына кірмейтін басқа тұтынушылар	теңге/1000 м³	37 488,93
6-топ	Бюджеттік ұйымдар	теңге/1000 м³	37 488,93
8-топ	Сұйытылған және сығылған газ өндіру үшін және тұтынушыларға одан әрі сату мақсатында тауарлық газды сатып алатын занды тұрғалар	теңге/1000 м³	38 748,04
9-топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	теңге/1000 м³	10 472,52
10-топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	теңге/1000 м³	61 016,04
11-топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғалар	теңге/1000 м³	61 016,04

Мүлікті жалға беру бойынша «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-ның конкурсын өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны
• Күні: 19.09.2025 ж. – 29.09.2025 ж.
• Уақыты: 14:00
• Серіктестіктің атауы мен орналасқан жері: «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, Ақтау қаласы, 25-шағын аудан, 34-ғимарат.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау орны мен мерзімі
Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті жалға алушы немесе конкурсқа қатысуға өтінім беру бойынша мүдделерін білдіретін олардың уәкілетті тұлғалары сенімхат негізінде, жергілікті уақыт бойынша 10.00-ге дейін, 2025 жылғы 29 қыркүйекке дейін мөрленген конвертте мынадай мекен-жай бойынша ұсынады: Ақтау қаласы, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС Ақтау қ., 25-ш /а, 34-ғимарат.

3. Жалдау нысаны туралы қысқаша сипаттама және ақпарат, оның ішінде орналасқан жері және ауданы.
• **Жалға берілетін нысан:** 1964 жылы салынған Жөндеу шеберханасы ғимаратының бөлігі. Ғимараттың жалпы ауданы – 2360 ш.м., жалға берілетін ауданы – 1598,7 ш.м.
• **Орналасқан жері:** Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылдық округі, Қызылтөбе ауылы, Ынтымақ тұрғын үй алабы, п/ә.1, 78-гараж.

4. Жалдау мерзімі және жалдау мөлшері.
Мүлікті жалға алу мерзімі: Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 31.12.2028 ж. қоса алғанда.
Мүлікті жалға алу үшін айлық жалдау ақысының бастапқы бағасы 500 000 (бес жүз мың) теңгені (ҚҚС есепке алынбаған) құрайды, коммуналдық төлемдер шығыстарын есепке алмағанда.

Жалға берілетін нысанға конкурс өткізу шарттары мен өлшемдері, конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі, кепілдік жарнаны енгізу мөлшері мен мерзімі және мүліктің техникалық сипаттамасы туралы толық ақпаратпен «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС ресми сайтында танысуға болады. Төменде ОТК ресми сайтына сілтеме бойынша ақпаратпен таныса аласыз:
https://otk.kz/ru/news/anons?title=obyavlenie_na_provedenie_konkursa_po_peredache_imuschestva_too_%C2%ABoyl_transport_korporeyshen%C2%BB_v_arendu985.

Жалға берілетін мүлік туралы ақпарат алуға болатын мекен-жай: Ақтау қ., 25-ш/а, 34-ғимарат. «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС.
Қосымша ақпарат пен анықтаманы телефон арқылы алуға болады:
БМБ бастығы: Сүйеу Б. Ш. 8 (7292) 21-63-47.
Хатшы: Қибатқалиев М. Б. 8 (7292) 21-63-63.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ МАҢҒЫСТАУ МҚБ 2025 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАРАШАДА 11:30-ДА «ҚАЛАМҚАС» БМАС ШЕКТІ РАУАЛЫ ШЫҒАРЫНДЫ НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ТҰШЫҚУДЫҚ АУЫЛЫ, МӘДЕНИЕТ ҮЙІ, АБДРАХМАН КӨШЕСІ, 19-МЕКЕН-ЖАЙЫ БОЙЫНША ӨТЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар g.tulembet@mangystau.gov.kz электронды мекен-жай және <https://ndbecology.gov.kz> сайт бойынша қабылданады.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «б» ғимарат және 8 (7292) 479-351, 479-331, 479-833 телефондары, Umirbaeva-L@kaztransoil.kz, Karadzhaev-A@kaztransoil.kz электронды мекен-жайы бойынша алуға болады.

Тұтынушылар назарына!

«Ақтау тұрғын үй» КМК-ны ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бұйрығына сәйкес 01.10.2025 жылдан бастап жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау қызметіне тарифтер тұтынушылар үшін 1 Гкал – 5593,85 теңге, (ҚҚС-сыз) (тариф өзгеріссіз қалғандығын) тариф қолданысқа енгізілетіндігін хабарлайды.

ХАБАРЛАМА

Маңғыстау облысы бойынша ТМРҚД «2025–2029 жылдарға арналған магистральдық құбырлар бойынша су беру (су өндіру) және жылу энергиясын өндіру және (немесе) жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтеріне өзгерістер енгізу туралы» 18.09.2025 ж. №78-ОД және №79-ОД бұйрықтары негізінде, «МАЗК» ЖШС 22.09.2025 ж. жылғы №1503-в, 22.09.2025 жылғы №204-п бұйрықтарымен магистральдық құбырлар (су өндіру) бойынша су беру және жылу энергиясын өндіру және (немесе) жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке 2025 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін тарифтерді бекітті.

Бекітілген тарифтер кестесі төмендегі сайттарда орналастырылған: www.maek.kz және kz.maek.kz.

«МАЗК» ЖШС әкімшілігі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шырын заводы үшін атмосфераға – рұқсат берілген ластауларды қосу норматив жобасы» «Эко-су тазарту» ЖШС 2025–2034 ж.ж. норматив жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық мәжіліс түрінде өтеді құжаттама негізінде рұқсат алу. Түзетілген экологиялық бағалау материалдары (НДБ, ПЭК, ПУО, ППМ) ашық отырыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Зауыттың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет селосы, (43.710381 СШ, 51.311555 ВД).

Қоғамдық тыңдаулар: 31.10.2025 жылы сағат 16:00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Дәулет селосы, №4 орта мектебінің акт залында.

Жобалық құжаттама БЭП <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/?lang=ru> орналастырылған.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/7837419063?pwd=c2ZmZjA1MkJeV2ZRTZJQVJRWprQT09>

Конференция ID: 783 741 9063.
Қолжеткізу коды: 12345

Жобаны әзірлеуші: ЖК «ДАЯН-ЭКО», Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, 19-ғимарат, 27-кеңсе, БСН 82117402588, тел: 8 7053440020 E-mail: r.a.u@list.ru

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Эко-Су Тазарту» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29-шағын аудан, 4-ғимарат, 41-пәтер. БСН 090 640 009 318. жалғасы. тел. 8 707 330 1181. E-mail: karamirzaev@mail.ru.

Барлық пікірлер немесе ұсыныстар мына мекен-жай бойынша қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz> – Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел: 8 (7292) 43-10-88.